

AP25794943 Жасанды интеллектті енгізу арқылы "Индустрия-5.0" тұжырымдамасы шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен объектілерін басқарудың инновациялық жүйесін әзірлеу. ғ.ж. - Кернебаев А.С.

Жобаның аннотациясы

Қазіргі заманғы жаһандық экономикада технологиялардың қарқынды дамуы мен цифрлық инновациялардың кеңінен қолданылуы түрлі салаларда революциялық өзгерістер әкелуде. Соның ішінде ауыл шаруашылығы саласы да «Индустрия 5.0» тұжырымдамасына сәйкес жаңғыртылуда. Бұл тұжырымдама өндірістік процестер мен технологиялардың өзара әрекеттесуін арттыруға бағытталған, мұнда жасанды интеллект (ЖИ), робототехника және адам факторының үйлесімділігі басты рөл атқарады. Жасанды интеллект мүмкіндіктерін агроөнеркәсіптік кешенде қолдану – ауыл шаруашылығын басқарудағы жаңа қадам және саланы одан әрі тиімді дамытуға мүмкіндік беретін маңызды стратегиялық бағыттардың бірі. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені елдің экономикалық дамуы үшін негізгі секторлардың бірі болып табылады. Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін ішкі және сыртқы нарықта тиімді түрде өндіру және сату, сондай-ақ өнімділікті арттыру мақсатында инновациялық технологияларды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Алайда ауыл шаруашылығы саласындағы дәстүрлі әдістер қазіргі заманғы талаптарға толық жауап бере алмайды, сондықтан аграрлық секторды цифрландыру және жасанды интеллектке негізделген басқару жүйелерін енгізу арқылы жетілдіру маңызды болып саналады.

Бұл жоба жасанды интеллектті қолдану арқылы агроөнеркәсіптік кешен объектілерін басқарудың инновациялық жүйесін әзірлеуге бағытталған. Жасанды интеллект аграрлық секторда автоматтандыру мен процестерді оңтайландыруды қамтамасыз етіп, фермерлердің өндірістік тиімділігін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, климаттық жағдайларға бейімделу, өнімді болжау және ауыл шаруашылығы жұмыстарын оңтайлы жоспарлау арқылы тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін басқарудың инновациялық жүйесін әзірлеу аясында жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталған. Жасанды интеллектке негізделген технологияларды енгізу агроөнеркәсіптік кешеннің жаңа деңгейге көтерілуіне, тұрақты даму мақсаттарына жетуіне және Қазақстанның аграрлық секторын халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті етуге ықпал етеді.

Жобаның мақсаты - "Индустрия 5.0" тұжырымдамасы шеңберінде тиімділікті, өнімділікті және орнықты дамуды арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені объектілерін басқарудың жүйесіне қатысты инновациялық ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу.

Жобаның міндеттері:

1-кезең, 2024ж. – Әлем елдерінің жасанды интеллектті енгізу арқылы агроөнеркәсіптік кешен объектілерін басқарудың инновациялық жүйесін әзірлеудің озық үлгісін зерттеу;

2-кезең, 2025ж. – Қазақстандағы жасанды интеллектті енгізу арқылы "Индустрия-5.0" тұжырымдамасы шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен объектілерін басқарудың қазіргі жағдайына баға бере отырып, перспективалық дамыту бойынша талдау;

3-кезең, 2026ж. - Жасанды интеллектті енгізу арқылы "Индустрия-5.0" тұжырымдамасы шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен объектілерін басқарудың жүйесін жетілдіру бойынша эмпирикалық модель әзірлеу.

Мәліметтің жарияланған күні: 01.07.2025 ж.